

1 2007  
106к





# ЖАС ТОЛҚЫН




2

ПРОЗА



# ЖАС ТОЛҚЫН



**2-кітап**

**Проза**

**Жас қаламгерлердің  
тұңғыш шығармалары**



**Алматы  
“Жалын баспасы”  
2006**

ББК 84 Қаз 7-4  
Ж 33 ↓

ЖАЛЫН БАСПАСЫ

Қазақстан Республикасының Мәдениет,  
ақпарат міністрілігінің бағдарламасы  
бойынша шығарылып отыр

**Ж 33 Жас толқын. Жинақ. 2-кітап. Проза.** /Құраст. –Н.Байса-  
калова, Ж.Шәкен, Ұ.Зәуірбекова – Алматы. “Жалын  
баспасы” ЖШС, 2006. – 256 бет.

ISBN 9965-693-39-0

Жазушылық талап жетегімен әдебиетке аяқ басқан жас талапкерлерді оқырманға таныстырып, ақ жол тілеп отыру мақсатында жоспарланған жинақтың екінші кітабы.

Оқиға құру, тіл шеберлігі жағынан көптеген кемшілігі бола тұра жас талапкерлер сан түрлі әдіспен жазушылық өнерін игеруге ықылас білдіріпті. Алғашқы қадам – қашанда қасиетті қадам. Біз сол қадамға сәл де болса демеу жасауға тырыстық.

Кітәп көпшілік оқырманға арналды.

**Ж**  $\frac{4702250201-09}{408 (05)-06}$  8-2006

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-693-39-0

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2006



**АЙГУЛ АМАНЖОЛҚЫЗЫ**  
1985-жылы Шығыс Қазақстан  
обылысының Аягөз ауданында  
дүниеге келген. Әл-Фараби  
атындағы Қазақ Ұлттық  
университетінде филология  
факультетінің 4-курсында  
оқыйды. Жоғары оқу  
орындарында оқыйтын  
жас прозашылар  
байқауының  
жүлдегері.

---

### БҮЙІРДЕГІ БҮЛКІЛ

Көктемнің күн шуағын аямай, мейірлене молынан шашқан мамыражай күні. Қыс бойы суықтан қорғалақтап жылы пештің жанынан шыға алмай қалған кәрілер табалдырықтан тысқа бүгежектей аттап, әлсіз жанарын күннен көлегейлей жасқана қарап, үйдің бұрышынан тапқан құрғақ жерге көнетоз көрпеше бөстектерін төсеп бел жазысып отырысқан. Өне бес үйлі барақтың бірінші есігінен шыққан қара кемпір де ұйып қалған белін әрең жазып, қарына ескі тонын іліп, үй маңайынан бір құрғақтау жер іздеп еді, күннің көзі тура түсетін бұрышта сабалақ жүнді ала қаншық жатыр екен. Басқа жер әлі сыз секілді. “Бәтір-ау” деп ернін бір сылп еткізді де, аңырып тұрып қалды. Итті тұрғызып жіберейін десе, ол сезетін емес, тұмсығын бауырына тығып ұйықтап жатыр. Әрі қампиған қарнын байқап: “Бәтір-ау”, – деді тағы да үлкен кісілерге тән аяуға, мүсіркеуге бейім жылы жүрек, жұмсақ көңілмен, – күшіктегелі жүр екен ғой”. Айналасын шолып тағы тұрды да, ыңғайлы жер таппағасын, тонын ұстаған күйі үйге қайта кірді.

Бүйірін солқ еткізген әлсіз тепкіден оянып кетті. Сірә, ұзақ жатқан секілді. Бағана тұла бойын жылытып, үйдің шығыс жақ қабырғасына тұтастай түсіп тұрған күн көзі енді үйдің арқа жағына ауысыпты. Қас қарайып, кеш батып

келеді. Тәтті ұйқыдан бойы балбырап, көзін аша алмай тұр еді, бүйірі тағы да солқ ете қалды. Бірақ ауырсынған жоқ, қайта әлсіз тепкіден жүрегі шымырлап, бойына әлдебір жылы ағым сезімі құйылғандай. Көзін жұмып, рахаттанып жата бергісі кеп еді, бәтшағарлар тебуін қоймай мазасын алып кетті. Бір жағынан таңертеңгі ішкен жуындыдан кейін нәр татпап еді, асқазаны төмен тартып, қарны шұрылдады. Жаңа ғана өнбойын шымырлатқан тәтті сезімнен дүниенің бар уайым-қайғысын ұмытқандай еді. Енді ішер тамақты әрі оны табудың жолын ойлағанда құлағы салбырап жатқан орнынан қиралаңдай әрең тұрды. Кешкі ауыл уда-шу. Бірақ бұл дүрмектің ала қаншыққа ешқандай қатысы жоқ сияқты. Жүрісі енжар тартып, сылбыр қимылдады. Ауадан иіс тартып біраз тұрды. Мұрнына қыстан қалған сүр еттің кеңсірікті қытықтайтын дәмді иісі келіп, тұмсығын созған күйі сұлқ тұрып қалды. Ауаны құныға жұтқаны сонша, езуінен сілекейі ағып кетті. Иіс тартқан күйі ауылдың солтүстігіне қарай жүре берді. Бір кезде тұмсығы көк дарбазаға келіп тірелді. Тамағын қытықтап, көзін жасауратқан жерік астың иісі сол дарбазаның ішінен шығып жатыр. Қарнының шұрылдағанын үнсіз тыңдағандай болды. Не істерін білмей біраз шоқиып отырды да, жандалбасалап дарбазаға қарай секірді... Онбай құлады. Ала қаншықтың “қанқ” еткен ащы дауысы көктемнің енді ғана шапанын жайып, үйи бастаған түн тыныштығын дір еткізді. Бар салмағымен жаншыла құлағанда еселерінен мұндай қылық күтпеген бауырындағы күшіктері де өз наразылықтарын білдіртпей қоймады. Сол құлаған жерінде өне бойы әлсірей дір-дір етіп біраз жатты. Есеңгіретіп кеткен ауыр соққыдан ба, иә болмаса “ит тірлігіне” деген наразылығы қордаланып дәл қазір сыртқа, езуін қуалай аққан жасқа айналды.

Қатты тоңып қалыпты. Әрі, бағанағы ауыр соққыдан есін де, денесін де әрең жинап зорға тұрды. Көктемнің шаншудай қадалатын түннің ызғары жататын жылы жер іздеткендей. Ақырындап ауылдың күн батысына қарай жүрді. Ол жақта пойыз өтетін жол бар. Өткенде жып-жылы реліске бауырын төсеп ұйықтаған-ды. Күшіктеріне де ұнаған сияқты еді. Әрі пойыз терезесінен лақтырылған

тамақ қалдықтары болса, жүрек жалғар әйтеуір. Ілби басып жолға да жетті. Иіс тартып тағы тұрды. Балықтың ба, әйтеуір жылымшы еттің иісі сезілгендей боп еді, тіміскілеп жүріп тауып алды, консерві қалбыры екен. Тапқан нәпақысына құныға қадалды. Сүйір тілімен қалбырдың қуыс-қуысын айналдыра жалап сұғына кіріскенде тілі “дыз” ете қалды. Тілін қалбырға кестіріп алған екен, езуін қуалай жылымшы қан ақты. “Қарғыс атқан” қалбырды жайына қалдырып, релістің бойын таға тіміскіледі. Бірақ, енді тіске басар жөнді ештеңе таппады. Күн ұзаққа қарны аш жүрді, бауырындағы кішкене бәлелер де мазасызданып тепкілеуін үдетті, тілін кесіп алғаны тағы бар, әлденеге ашулана, ызалана ішін тартып жалынышты, әлсіз үнмен ұзақ ұлыды. Түн тыныштығын бұзған өз дауысынан өз денесі шіміркеніп кетті. Бірақ, сонда да қоймай әлдекімге өкпе-ренішін айтып, мұнын шаққандай ұлуын тоқтатпады. Әбден даусы қарлығып, шаршағанда дымы құрып, шоқиып отырды. Денесі қалтырап енді жататын ыңғайлы жер іздеді. Амалсыздан сұлқ көтеріліп пойыз табанының қызуын сақтап қалған реліске ішін төсеп, тұмсығын бауырына тыққан күйі жатып қалды. Күні бойы тамақ іздеп қатты қалжыраған еді, әлсіреп, қаны ұйып қалғып кетті.

Түн шапанының етегі түріліп, болмашы бозамық сәуле таңның атып келе жатқанын білдіргендей. Арқасына шаншудай қадалған суықтан қалтырап оянды, бауырын жылытқан темір реліс те суық тартып денесін тітіркендірді. Ұйқылы ояу есін жия алмай жатқанда төбе құйқасын шымырлатқан ащы, зор дауыс еріксіз селк еткізді. Барған сайын жақындай түсіп, арқырап келеді. Өзі жатқан релістің бойын қуалай қарсы алдынан бар жылдамдықпен жүйткіп келе жатқан пойызды көрді. Жан далбасалал қозғалайын десе бар денесі ұйып қалған екен. Зәресі зәр түбіне кетті. Пойыз болса, қарсы алдында жатқан итті жаңқа құрлы көрмей езіп өтті. Ала қаншықтың жанарында соңғы рет иненің жасуындай сәуле жарқ етіп барып сөнді. Пойыздың ышқынған зор дауысы мен әлсіз ғана “қанқ” ете қалған дыбыс бірге шықты. Бірақ алғашқысы соңғысын одан кейін естіртпей кетті.

Таң ата қаншықтың жатқан орнында таңмен таласа жемтік іздеген төрт-бес құзғын отырды.

## ҚЫЗ-ӨЗЕН

### *Сібір аңызы бойынша*

Ангара сыңсып жылады. Әлдекімге өкпе-ренішін айтып, мұңын шаққандай ұзақ жылады... Егілді. Бірақ долданып, ашуланып маңайын шошытқан жоқ. Өз болмысына тән сынық мінезбен, әредік әлсіздік, жасықтықпен жылады. Өкінді. Күйінді. Қолынан келер қайран жоқ, егіле берді. Тау да, қабағы түксиген құз-жартас та, орман да бұған басу айтып, сабырлыққа шақырған жоқ. Өйткені, Ангараның ұзынсонар жылауының өзінде кеуде соққан қарсылық емес, өз тағдырына бойсынған көнбістік болатын. Тек қана өзеннің сыңсуын еліте тындап, мүлгіп тұра берді. Тіпті сүйсініп тыңдайтындай. Сібірдің ит тұмсығы батпас ну орманындағы заржақ шымшықтар да, бозала таңнан бәсекеге түсетін әнші құстар мен бұлбұл да көмекейіне құм құйылып, тамағына тас тығылғандай. Үнсіздік... Тек сыңси аққан өзеннің даусы ғана естіледі. Оның жыламсыраған жалынышты үнінде мелшиген қара тастың да өнебойын балқытатын құдіретті әуез бар-ды. О, Жасаған, біреудің қайғысынан да ләзат алуға болады екен-ау!.. Өздеріне жағымды естілетін осы жалынышты үн бір сәт дамылдап қалса, сол өлкенің жанды-жансызының, тайлы-тұяғының бәрі елеңдеп, елегізіп, дегбірсізденіп кететін. Бірақ көп кешікпей Ангара бұрынғы әніне басқанда, қайтадан тынышталып, әдемі әуезге ықыласпен ден қояр еді. Бар әлемнен кесіліп, аулақта қалған Сібір өлкесінің осы бір мүлгіген өлі тыныштығын Ангара өзенінің сыңсып салған әні ғана тамырына қан жүгіртіп, жандандырып тұрғандай.

Ангара өксіп жылады. Әлде бұрынғы күнін ойлап өзегі өртеніп өкінді ме, иә қатал кәрі әкесінен кешірім сұрағаны ма екен?.. Тағдырына жалынды. Абайлап соққан жел оның дауысын еппен көтеріп алып, орман ағаштарына тапсырды. Жел лебімен сыбдырлай соққан жапырақтар сыбырлай сөйлесіп, бар Сібір өлкесіне сыр жайды. Көп ұзамай бұл өлке қарт Байқалдың қатыгездігі, әке жазасына еріксіз мойынсынған Ангара туралы аңызға қанықты.

Ангара өте сұлу бойжеткен болып өсті. Сібірдің жас қайыңындай көркем мүсініне, келісті келбетіне қараған жан



сұқтанбай өте алмайтын. Бірақ ол өзін ешқашан бақытты сезінген емес. Өйткені әкесі мұны жек көреді, барынша қатал ұстап, қатыгездік қылады. Оның себебін тәрбиеші әйел: “Сен жарық дүниеге келген соң, аялдамастан анаң қайтты. Содан әкенің саған жүрегі жібiген емес”, – деп түсіндіреді. Күннің жылуын да, мөлдір суды да бойы мен тамырына жеткенше өзіне сіңірген үлкен кәрі еменнің тасасында талшыбық қалай күтімсіз өссе, Ангара да жан жылуы, жүрек ықыласы жетіспей, қатыгез әкесінен жасқанып, булығып дәл солай өсті. Табиғи ұяңдығына енді жасықтық пен ынжықтық қосылды. Үнемі жер сүзіп жүретін қой көзі тұңғиығына терең сыр жасырып, мұң тұндыра кісі бетіне жасқана қарайтын. Өмірі маңдайынан еміреніп иіскеп көрмеген әкесінің мұнымен ісі жоқ. Жалғыз жанашыры – тәрбиеші әйел. Осылай жан жылуынсыз, махабатсыз ол бойжетті.

Бұла жүрек әлдебір еркін жерді аңсатқандай... Солқылдаған көк өрімге күтім мен күн нұры қандай қажет болса, жас арудың өзге жағдайды аңсауы заңды да еді. Ол ешқашан өзін осы үйдің адамы ретінде сезінген емес. Бір бөтен біреу, шақырусыз келген қадірсіз қонақ секілді көрінетін. Осының бәрі қордаланып келіп, осы үйден, безбүйрек әкесінің маңынан қашуды тілеткендей еді. Түн шапанының етегін болмашы бозамық сәуле түрген бозала таңнан, күн ұясына қызара батып, қас қарайғанша көкжиекке әлденені күткендей ұзақ сарыла алысқа қарайтын болды. Әрбір күні жанына жақсы лепес әкелер жағымды жаңалықты күтумен өтіп жатты.

Бұл күткен жаңалық жағымды леппен келмеді. Бір күні әкесі шақыртты. Буын-буынынан әл кете дірілдей басып Байқалдың алдына да жетті. Кәрлі қарттың ызғарлы суық жүзіне қиғаштап та қарай алмай, босағадан әрең аттап, қалтырай амандасты. Бұл шақырудың тегін еместігін сезіп, көзі қарауытып үрке жақындады. Ешқашан мұны тірі жан деп көзіне ілмеген адамның арнайы шақырғаны-нан қорықпай қайтсін. Өз бөлмесінде отырған әкесінің алдына тізерлей төмендеді. Әкесі төтесінен тартты:

– Саған (атын да атамайды) құда түсіп келді. Жаз аяғы тақағанда ұзатыласың. Дайындал!

Қашанғы әдетінше келісімін сұрамайды, өтінбейді, бұйыра сөйлейді. Ангараның жүрегі алғаш рет қарсылықпен бұлк етті. Алғаш рет әке бетіне сәл тіктеліп тандана қарады. Мұң мен сыр тұнған жасқаншақ жанарында сұрақ тұрды. Қызынан мұндай қылық күтпеген әкенің де жүзі өзгеріп, құбылып сала бергені. Қарсы алдында отырған жалғыз қызының мүсәпір кескініне жақыннан көз салғанда, жүрегінде қатып қалған тонның шетінен сәуле түсіп жіби бастағанын өзіне беймәлім әлдебір үреймен сезінгендей болды. Әрі Байқалға оны мойындау да соншалықты қорқынышты, осы уақытқа дейін мазаламаған жат сезім еді... Бойын тез жиып ала қойған қарт шойын шапалағының қалай көтерілгенін байқамай қалды. Екеуі де “шарт” еткен дауыстан селк ете қалды. Байқалдың жүзі қуқылдана ызбар шашып, мұрны қусырыла түсіпті.

– Бар, – деді безбұйрек әке, – дайындал!

Ангара еппен көтеріліп, екі алақанымен бетін басқан күйі аяғының ұшымен шығып кетті.

Өзегі өртеніп қасірет пен өксікке тұншыққан жетім қыз әр күнін тек үнсіз егілумен өткізді. Сынық мінезбен сыңси жылады. Жаз аяғы да тақады. Тәрбиешісі кеп: “Әкең енді бес-ақ күні қалды, дайын болсын деп жатыр”, – дегенді айтты.

Ангара бір ойға бекіді. Қатыгездік пен қасіретінен өзге берері жоқ бұл өгей өлкеден кету керек. Еркін жерді аңсатқан арманы енді мақсатына айналды. Жүрегіне қатқан шер-шеменінен бір күн де болса арылып, ешкімге бағыншысыз еркін тыныс алғысы келді. Осы уақытқа дейін өнебойында баяу аққан қаны енді тамырында буырқана қайнап, жасық жүрегі атқақтай соғып, жылаумен бұлаудай боп іскен әлсіз жанары маңайына тіктеле қарайтын болды. Бұл өзгерістерді ол алғаш рет әкесі қол көтергенде байқаған. Әкесі де осы уақытқа дейін танытпаған қылығынан шошып, сезіктене секем алды емес пе?!

Ангараның көптен ойға алған мақсатын іске асыратын сәт туды. Сібірдің көзге түртсе көргісіз тұманды түндерінің бірі еді. Бойында жасқаншақтықтан із де қалмаған: еппен жүріп, шалт қимылдайды, жанары да түн қоюлығына құныға қадалған. Үй маңайында тың тыңдап біраз тұрды. Еш дыбыс жоқ. Тымырсық түнде лүп еткен жел де

білінбейді. Енді қарайлайтын ештеме жоқ. Өмір бойы үй маңайынан бес қадам ұзап көрмеген қыз алғашында қайда барарын білмей абдырап тұрып қалса да, әкесі бір сәт есіне түскенде бойын тез жиып ала қойып, нақты бағдарсыз шығыс жақты бетке ала жүріп кетті. Тұманды түн мұның аса да үрейін ала алған жоқ. Қайта түн құстарының даусы оның жалғыздығын толтырып, дем бергендей болды. Дәл қазір ол қайда барам, кімді паналаймын дегенді ойлап та келе жатқан жоқ. Жан азабы мен өксікке толы қоңырқай өткен күнімен салыстырғанда, айсыз қараңғы түн оның армандаған еркін өмірінің алғашқы сәттері секілденіп көрініп еді. Қараңғылыққа да ептеп көзі үйренейін деді. Басында көзіне көрінген нәрселер кедір-бұдырсыз біртұтас сияқты еді. Енді балқарағай, самырсын, емен, қайындарды айырып, жыға тани бастады. Беталысы орман еді, оған да жеткен секілді. Көп жүріп аяғының талғанын етқызумен байқамапты. Орман шымшықтарының әредік жалқаулықпен жарыса шықылықтаса бастағанына қарағанда таң да алыс емес-ау. Орманға дендей енген Ангара сәл аялдағысы келді. Демін ішіне тарта, аса бір сақтықпен тың тыңдап біраз тұрды да, соңынан қуғынның, маңайында қорқыныштың жоғына көзі жеткесін, самырсынның түбіне сылқ етіп отыра кетті. Ол бойы балбырап ұйқыға кеткенде бозарып таң да атып келе жатқан...

Барлық қарттарға тән сергектікпен Байқал таңмен таласа тұрды. Жүрегі май ішкендей кілкілдеп, лоблып оянды. Әлденеге дегбірсізденіп тұрғандай. Таңның атқанын тамашалап сәл тұрайын деп еді, берекесі болмады: бекер сезіктенбейтін, секем алса, абырой әпермейтін істен сақтандыратын кәрі жүрегі дабыл қаққандай болды. Неге екенін қайдам, ойына бірден Ангара оралды.

Байқал қызының қашып кеткенін білген кезде, онсыз да ызбарлы, суық жүзі енді мүлде адам қарай алмастай аязданып кетті. Алғашында сабыры таусылып ерсілік-қарсылы жүре бергенмен, біраздан соң бойын тіктеп, шашырап кеткен ойын жинақтады. Ангараның өз өміріне бағынбай қарсы шығып, қашқаны оның намысына тиді. Өмір бойы ешкімге тізе бүгіп кешірім сұрап көрмеген өркөкірек қарт, енді құдаларының алдында жүзін төмен салып, оларды осынша әурелегеніне мың да бір кешірім

сұрап бұгежектеп, қайта-қайта еңкейіп жатқанын елестеткенде, жарылып кете жаздады. Ашу мен ыза, ұят пен намыс бір сәтте бір арнаға құйылып жанартаудай бұрқ етті. Бір-ақ шешімге бекіді: жазалау. Өке кесімі айнымайды. Байқал әйелі қайтыс болғалы бері алғаш рет егіліп жылады. Сан жылдар бойы бойын бұған қатыгездік пен өктемдіктің құрсауы босап сылқ етті. Енді өзін шын жалғыз сезінді. Ангараның мұның өміріндегі орны енді біліне бастағандай. Сонау бір кезде алғаш рет жүрегіндегі тоңды жібіте бастаған сәуле тамырын қуалай бүкіл денесіне тарады. Тек егіле берді. Қатыгездігі мен аяқ астынан оянған әкелік сезімі тайталасқа түскенде, қалыпты мінезіне айналған алғашқысы қызына қарғыс айтқызып, қасірет тілеткізді: “Иә, Жасаған, – деп жалбарынды бар болмысымен, – жақсылық пен жамандықтың иә сый, иә жаза ретінде Сенен келетінін білемін. Сыйыңа ие бола алмасам да, жазанды қый маған. Мен ешкімге бағынбай өз өмірімнің тәңірісі, тіпті біреуге Құдай болып оның тағдырын билегім келді. Ол қолымнан келді де. Ангараға Құдай емеспін, құдайдан былай да емеспін. Сондықтан ол мен жасап берген тағдырына мойынсұнғысы келмей қашты. Ол Менен – өз Құдайынан – қашты. Өз өміріңе бағынбай қарсылық білдірген пендеңе жамандық жіберетінің бар. Ендеше мен сенен жаза жіберуінді жалынып сұраймын, О, Жасаған...” Қарт маңайын шошытып тарғыл дауыспен долданып, ашуланып жылады. “Сен оны да, мені де жазалауың керек. Қасіретінді жібер!.. Мені де құр қойма. Құдай болғаным үшін жазала. Ангарасыз өмір сүре алмаймын. Аяқ астынан оянған әкелік сезімнен қорқамын. Өзіме өзім қол жұмсап тағы да күнәкар болғанша, сенің ақ, адал жазанды алайын. Менің құдайлық ғұмырым бітті...” Байқал тынбастан зар еңіреп, тек қана жаза тілеп жылады. Қолын көкке созған күйі бар болмысымен егілді. Екі алақанын теріс жайып қызын қарғады, теріс батасын берді.

Сол күні алай-дүлей дауыл соғып, шелектеп жаңбыр жауды. Тынбастан ұза-а-ақ жауыпты. Сібірдің өзен-көлдері тасып талай мекендерді шайып жоқ қылыпты. Құды топан су қаптағандай екен. Елдің зәресін ұшырып, берекесін алыпты. Жаңбыр тоқтап, долы дауыл басылғанда, маңайдағы Сібір халқының есін шығара таңдандырған бір

оқиға болды. Байқалдың үйі тұрған жерден бастап сонау көкжиекке дейін шет-шегі көрінбейтін телегей теңіз пайда болыпты. Ал теңіздің бір бүйірінен жырылып шыққан жіңішке өзен шығыс тұстағы орманға асыға ағады екен. Алғашында естіген адам есі кете таңданатын оқиғаға уақыт өте жергілікті халық еті үйреніп қызығушылығын жоғалтқанда, сыр мен құпияға толы өлке тағы да өз ғажабының бір ұшын тарқатты. Ол – сонау бір дауылды, жаңбырлы кезден кейін пайда болған теңіз бен оның бүйірінен жарыла аққан өзен туралы, Құдайдан қасіретті жаза тілеген Байқал әкенің теріс батасына қалған Ангара жайындағы қорқынышты аңыз еді. Теңіз қатігез әке Байқал да, өзен түн жамылып әке үйінен қашқан Ангара екен-міс.

Содан бері Ангара тек жылау үстінде. Ал Байқал болса, кеудесін өксік қысқанда бір долданып, ашу шақырады. Байқал долданғанда кенерінен асып, маңайындағы елдің зәресін алып кесірленеді екен. Тек қызы тынбай жылап кешірім сұраса ғана жаны жай тауып тыныш жатады. Сондықтан Ангара сыңси егіліп, өмірін өксікпен өткізу тиіс. Әкесі тілеп алған Жасағанның жазасы осы. Сібірдің тау-тасы, орман-тоғайы қызға тоқтау айтып, жұбата алмайды: өзен жылауын тоқтатқан күні Байқал жындана тасып, ақырзаман орнайды. Сондықтан Ангара жылауын тоқтатпасын. Құдай сақтасын, жылай берсін Ангара. Осылай деп тілейді бар Сібір өлкесі. Осыны Тәңірден күндіз-түні сұрайды тау да, тас та, орман да, жаны бардың барлығы. Көптің тілегі – қабыл.

Ангара жылай берсін! Иә, өзгелер өксімес үшін сен жылай бер...

Ангара сыңсып жылады.

## ҮЛКЕНДЕР ЖОҚТА

Бала бұлт күндегі әдетінше сәске түсте бірақ оянды. Тәтті ұйқыдан тамсанып есін жия алмай, жылы төсекті қия алмай қайта-қайта есінеп әрең тұрды. Терезеден карап еді, аспан алашарбы бұлттардан белдік буыныпты. “Апам қай жақта жүр екен?” – деп ойлады. Бірақ алысқа ұзамайтынын біледі.

Апасы – нәзік, торғын бұлт. Күн сайын жұмысқа шықпаса да, сәбилі болғалы үйге жақын жерде өз қызметін атқарады. Қатты ысыған кездері құрбы әйел бұлттармен қолұстасқан күйі Аспан төрінде жеке-дара тік шаншылып тұрған шынның ортан беліне дейін төмендеп, сол маңайға көлеңке түсіреді. Жұмысы сондай ауыр да емес, берер пайдасы да мардымсыз. Тек қана биік таудың сұңғақ мойнына ақ торғын шәлідей оралып, көз суаратын көзайым секілді әдемілік үшін тұрады. Бұл тірлік өзіне де ұнаған. Ұлпадай құрбылары-мен сыңқылдай күлісіп әңгіме айтып, Жерді жоғарыдан бақылап уақыт өткізеді. Көк зеңгірдің еркелері! Тек қана әй-шайға қарамайтын томырық мінез Дауылдан қаймығады.

Ал отағасы – Қазбауыр бұлт – қашан көрсең, түйілген қабағы бір ашылмай, сұсты өңі бір жылымай, үнемі әлдеқайда асығады да жүреді. Біресе солтүстікте құрғақшылық боп жатыр деп, алдына бір топ жауын бұлттарын үйіріп ап кетіп бара жатады. Біресе, шығыс жақта екі апта бойы қорғасын бұлттар бауыр ажыратпай жатып ап, мөлшерден тыс ысырап жасапты деген қауырт тапсырмалармен жүріп кетеді. Тіпті, Ақмамық дүниеге келгелі де бір тыным тапқан емес. Қайта жауапкершілігі артып, жауын бұлттарының қызметін реттеуші болып тағайындалды да, Дауылдың жұмсаған жағына іссапармен кетеді. Әйтпесе, бөбегінің былдырлаған бал тілін қызықтап отырар еді ғой. Әйтеуір, жұбайы Ақторғынның жұмыс орны үйге жақын. Қолы қалт етсе, Мамықты байқап келетіні дәтке қуат. Мойындарына бұршақ салып жүріп тілеп алған жалғызының күтімі көп аландатады. Аңқау неме үйден сәл ұзап кетсе, маңайын жөнді тани да алмай адасып кетуі мүмкін ғой. Салмағы да жеп-жеңіл: лүп етсе, домалай жөнеледі. Әрі қазір күзгі науқанда бұлттардың қызметі күрт өсіп, ел әрлі-берлі мұрнынан шаншылып жүргенде, кім-кімге назар аударсын: балапан-басымен, тұрымтай-тұсымен. Осындай мазасын қашырған ойлардан басы зеңіп, бір жағынан діңкелей шаршап, кезекті іссапардан келе жатқан.

Ақмамықтың іші әбден пысты. Екі қолын қоярға жер таппады. Біресе қолын желкесіне қайырып шалқасынан жатты. Әшейінде таңдайын тақ-тақ еткізіп көзді ашып-

жұмғанша тез-ақ жүретін сағаттың тілі де ұшына әлдебір ауыр нәрсені байлап алғандай самарқау кимылдайды. Тықтық емес, ты-ы-ы-ық, ты-ы-ы-ық... Енді жағын таянып терезе жақтауына сүйенді. Көз сүріндіретін бір келдір-бұдыры жоқ аспан да бұған еш ермек тауып бере алмады. “Үйден шығып біраз серуендеп келсе, шіркін!..” Апасының: “біз жоқта табалдырықтан әрі аттама!” – деп әдемі қасын түйіп нығыздай айтқан ескертпесін де еріне есіне алды. Терезеге тұтылған жұқа перде сәл дірілдегендей болды да, кенет қарсы алдынан соққан жел екпінінен бөлменің арғы бетіне ұшып түсті. Терезеден әлдекімнің секіре кіргені мен:

– Сәлем, достым, – деген жарқын даусы қатар шықты.

Ақмамық маңдайын ауырсына қысып отырып қалды. “Мәссаған, бағанағы зерігіп, жалғыз отырған күйіммен жылап көрісермін енді”. Бұл келген көрші Дауылдың немересі тентек Жел болатын. Өмірі осылай құйын-перен боп, дүниені бүлдіріп жүргені. Бұл болса, көп араласпайтын көршісіне қабағын ашпастан жақтырмай қарады. “Несіне келді?” Ал ол қыңыр көзі аларып, жыларман боп отырған кішкене бұлттың қолынан тартып тұрғызып, арқасынан қақты.

– Әйдә, кеттік...

Әй-шай жоқ үйге баса-көктеп кіріп, екі иінінен ентігін баса алмай алқына дем алып тұрған сотқарға бұл енді тандана қарады.

– Қайда?..

– Аспан керемет боп тұр. Дәл мына күнде үйде қамалып отырудың еш реті жоқ. Ойнаймыз.

Бала бұлт не істерін білмей дағдарып қалды. Ойын-серігіне көңілі толмаса да, оның ұсынысына ойланған дұрыс секілді. Не істесе екен? Апам рұқсат етпейді десе, ұрынарға қара таба алмай жүрген мына бәле көпке дейін құлағынан тартып мазақ қылатын болады.

– I-i-i...

Дауылдың немересі мұның ойының дәл үстінен түсті:

– Еш саспа, менің әжем мен апам жұмыстарына кеткен. Сенің апанмен бір жерде. Олардан бұрын үйге жетіп алатын боламыз. Тіпті, біздің тысқа шыққанымызды байқамай қалады.

Ақмамыққа енді көршісі сондай ақылды болып көрінді. Манадан бері жақтырмай тырысқан шекесі де жазылды. Желдің бір жақ көзін сәл сығырайта қиғаштап қарайтыны да, әсіресе қасына түскен кекіл шашын ернін шүйіре үрлегені де ұнап барады. Бұл да аузын толтырып жоғары қарай дем шығарып еді, маңдайына қисая жантайған бұйра толқындар былқ етпеді. Кенет өзінің тірлігіне сықылықтап күлді. Істің мәні өзіне қарай ыңғайлана бастағанын сезген тентек те сақылдай қосылды.

– Ей, Мамық, – деді кеңірдегін саусағымен сызып, – қызыққа былай батамыз.

Өмірі үйден алыс ұзап көрмеген аңқау бұлттың алдағы күтіп тұрған сапарға аңсары ауды. Әке-шешесінің ескертпесін бұзатынына қынжылса да, бойын желік билеп, Желге ілесе домалаңдай жөнелді.

Сол күні екеуі Аспан аясында әбден сілелері қатқанша асыр салып ойнады. Бұлттікі түсінікті. Үйдегі терезе әйнегінен сығалап қарап, қанағат табатын мына шет-шегі жоқ көк зеңгір оның ең алғашқы әлемі еді. Мөлдір кеңістікке жасқана қарап, аяғын да қорғаншақтай басып еді. Сәл үп етсе, өз салмағын өзі билей алмай, құлап қалатындай көрінетін. Ал Желге бұдан өткен қызық жоқ. Онсыз да қорқып келе жатқан бұлттың үрейін ұшырып, кетік тістерінің арасынан ысқыра дем шығарып түре қуатын. Біресе екі бүйіріне кезек домалатып, онысынан жалыққанда биікке көтеріліп шөкімдей бұлттың тура үстінен екпінмен үрлейтін. Сақылдай күліп, тіпті де тоқтай қоймайтын. Ал есі шыққан Ақмамық үнін шығаруға шамасы келмей домалай берді. Біраздан соң бұл күйіне де бойы үйреніп, ауада өз салмағын бір қалыпта ұстай алатындай болды-ау, әйтеуір. Ақмамықтың бұл жетістігін байқаған Жел де бұлттың тынымын алған тірлігін тоқтатып, қатарласа жүзді. Енді екеуі қол ұстасқан күйі бірге қалқыды. Осы екпінмен екеуі аспан төсінде жеке дара менмұндалап тұрған шыңның маңайынан жуықтап өткендерін байқамай да қалды. Қос тентек қауіпті де, уақытты да естен шығарды. Ал дәл сол жерде қызметтегі келіншек-бұлттар желмен бірге кеңістікте жападан-жалғыз дедектеп жүрген шөкімдей ғана кішкентай бұлтты байқап



қалды. Әлдекімнің адасып қалған баласы ма деп, сыпылдаса сөйлесіп жөн сұрасып кетті.

Кедір-бұдырсыз бірыңғай шымқай көктен көзі талған Ақмамық ермек етер әлдене іздегендей үміттене жүзін төмен салып еді... Кенет... арбалғандай сол орнында қатты да қалды. Көзі шарасынан шыға дөңгелене үлкейіп танданыс күйін жасыра алмады. Көршісінің келбетіндегі бұл құбылысты байқаған сұңғыла Жел де төмен қадалды.

Қыбыр-қыбыр, жыбыр-жыбыр бір бітпейтін қозғалыс. Төбесінен қарағанда тіпті қызық екен: ненің не екенін айырып болғысыз түсініксіз әлденелер. Әйтеуір, ию-кию... Аспан төріндегі тыныштық пен тазалықтан өзгені көрмеген сәбилер сұраулы жүзбен бір-біріне ақтарыла қарағаны сол еді... Оқыстан Ақмамық бар салмағын жоғалтып домалай жөнелді. Ойыны қанбаған Желді тағы да түлен түрткен шығар деп еді. Жо-оқ ол да кекіл шашы желбіреп мұнымен бірге дедектеп барады екен. Мұндай жылдамдықтан басы айналған Ақмамық көзін тарс жұмып ала қойды. Құрсаудай қысқан бір екпін құрсауынан босана алмай, көзін ашқанда үй маңайында әкесінің қарсы алдында тұрды. “Әке!” – деп аңтарыла қарады.

Бұларды алдына сап қойша қуалап әкелген Желдің атасы Дауыл екен. Мана асыр сап жүріп бұлттарға белгіленген шекарадан тым төмендеп кеткенде, тау басында қызметтегі келіншек бұлттар көріп жалғыз бұлттың жүрісін өзгелерге хабарлаған ғой. Сөйтсе, бұл “тәртіп бұзғыш” сондағы Торғынның сәбиі болып шығады. Ал іссапардан үйіне келген Қазбауыр бұлт болса, баласын таппай дал болады. Мазасы қашып келіншегіне барса, ондағы бұлттар да жел қуып жүрген шөкімдей бұлтты көргенін айтып, дабыл қағып жатыр екен. Әкесі мен апасы дереу аспан қызметіне негізгі жауапты Дауылға хабарлайды. Әкесі қабағын қарс түйіп сазарып тұрған шақта, апасы Дауылға “осы сіздің немереңіз” деген сыңайда кінәлай сөйлеп, жылап-сықтап әбігерге түскен екен.

Қарсы алдында тұрған еңселі, биік бұлтқа Ақмамық жерден жүзін көтеріп қарай алмады. “Туь, қарашы, мұндай абыройсыз кездесу болар ма? Қатты сағынды, үйге келгенде, мойнына оралып, желкесіне шығып, еркелік

қылармын-ақ деп еді... Әке жүрегінің лүпілдей соққанын тыңдап, кеудесінде рахаттана ұйқтармын-ақ деп еді...” Сәби санасында сендей соғысып сапырылысқан ойлардан еңсесін көтере алмай қыбыжықтап тұрып қалды.

Әкесі сөйлеуге асықпайтын секілді. Не айтар екен? Ойын көрші үйден шыққан қикарлана жылаған баланың даусы бөлді. Атасынан сыбағасын алып жатқан Жел болар. Тынысын тарылтқан мына үнсіздікке шыдай алмай ұрлығының үстінен түскенде жылдам келетін балалық ашумен наразылығы бұрқ ете қалды:

– Жел ғой... Әйтпесе мен үйде отырғам.

Ақмамық басын көтерді. Әкесі мұның бойынан асырып, алысқа ойлана қарап қалған жанарын жинақтап, бұған шаршай қараған.

– Балам, – деді қажыған дауыспен, – мен жоқта апаның сөзін жерге тастап, неге тілазарлық қылдың?

Ұрсар деп еді, қатқылдау сөз айтар деп еді. Жоқ сол шаршаңқы даусымен өз ренішін ақырын ғана жеткізіп жатты. Ақмамық өз ісіне қатты өкінді, қызара ұялды. Алғаш рет сәби санасы ұятты сезініп, өзінің кінәсін де мойындады. Сонау алыстан, сонша ұзақ уақыттан кейін қажып келген әкесін өз босағасын сағына аттағанда “әке” деп алдынан жүгіре шығып қуантпай, керісінше әбігерге салып, тіпті, ә дегеннен-ақ бар кінәні Желге жапқанына да іштей қынжылды.

– Әке, кешірші, ендігәрі мұндай тентектік жасамаймын, – дей бергенде, алғаш рет өз кінәсін мойындаған себепті шыққан ұяттың көз жасы ары қарай сөйлеуге мұршасын келтірмеді.

Кішкентайының мұншалықты киналғанына шыдай алмаған әке жүрегі елжірей соқты. “Тентегім сол!”

– Бар, үйге кіре ғой. Апаң да сені уайымдап отырған шығар... Бүгінгі қылығың енді қайталанбайтын болсын.

Ақмамық әкесіне шексіз махабатпен қарады. “Қандай сабырлы! Оның өз ортасында үлкен құрметке ие болуы да осы мінезінен ғой. Мен өскенде тура әкем сияқты болам!” Осындай ойлардан бойы жадырап, үйге қарай басты. Кенет есіне әлдене түскендей, жүрісінен тыйылып кері бұрылды.

– Иә, Мамық, – деді әкесі оның бірнәрсе сұрауға оқталғанын байқап.

Қалай бастарын білмей біраз тұрды да:

– Әке, – деді саусағымен төменді нұсқап, – менің ана жақтан көргенім... Ол не, әке?

Әкесінің онсыз да жабырқаулы түсі қинала түскендей болды:

– Балам, негізі саған ол туралы білу ертерек пе деп жүр едім. Сұраған екенсің... Ол – “Жер” деп аталатын әлем.


– Жер?! – Мұндай сөзді бірінші рет естіп тұрған Ақмамықтың даусы қатты шығып кетті.

– Иә, жер. Біз бәріміз сондағы тіршілік үшін қызмет етеміз.

– Әке, онда да бұлттар, дауыл тұра ма?

– Жоқ, “адам” деген тіршілік иелері тұрады. Балам, бүгінгі көрген-білгеніңе осы да жетер. Бар, үйге бара ғой. Түптің түбінде бүкіл өміріңді арнайтының сол. Асықпа. Енді бізді қорқытып жоғалып кетуіңді қой. Бұл жолы әкесінің айтқанын екі еткізбей үйге қарай елпілдей ұшқан. Бүйірінен леп есіп тұрғанға көңілі секемдене бұрылса, көзі жылаудан домбыға іскен Жел ернін шүйіріп үрлейін деп тұр екен. “Түй, саған, сірә, дауа болмас”, – деп кейі қарады да, қабағын түйді.

Артына бұрылып еді, әкесі бұларды байқамай, қос қолын арқасына қайырған күйі көк зеңгірдің тұңғиығына шым батып кетіпті. Әкесінің маңғаз бітіміне сүйсіне қарап көзімен аймалады да, Желге жұдырығын көрсете түйіп үйге зып берді.





**АЙГУЛ ШӘРІПҚЫЗЫ**  
Шығыс Қазақстан  
обылысында дүниеге келген.

---

## СЕЗІМДІ ҚАЙТЕМ

... Ол әртіс еді! Бірақ оның өмірде де әртіс екендігін мен кеш түсіндім.

Оның барлық іс-әрекеті сценарий бойынша екендігін де мен кеш ұқтым.

Мен ол жігітті жас шамамыз жақын құрдас болсақ та “Ағай” дейтінмін. Түр-әлпеті ересек көрінген соң ба? Әлде жас болса да көргені мен білетіні көп сияқты көрінгендіктен бе? Болмаса, іштегі сыйластық сезімнің басым болғандығы ма. Ол мен үшін “ағай” ғана болатын. Оған менің ағай дегенім ұнамайтынтынын мен сезетінмін де. Кейде ашуланып па, әлде қалжындап па:

– Қай жағыңнан ағайыңмын? – дейді.

– Нағашы ағайымсыз, мамам жағынан, – дейтінмін орынды жауап тапқандай.

Екеуіміздің ортамыздағы сезімнің өзі түсініксіз еді. Ол маған сезімдерін жиі-жиі білдіріп жүргенмен, менің ішкі сезімдерім “ағаймен” ғана шектеліп қала берді. Осы сезімнен не ары, не бері шыға алмай, одан ары аса алмай, өзімді “қарындас” сезінуден артық ештеме білмедім...

Біз екеуіміз менің жұмыс орнымда таныстық. Ол мені үнемі жұмысыма іздеп келетін еді. Есіктен кіріп келгеннен-ақ нағашы ағасын көрген жиен қарындасындай құрақ ұшып қуанып қарсы алатынмын. Жүгіріп алдынан шығып “ағалап” әңгімелерімді айтып жататынмын. Сөз арасында:

“Жарық күнім-ау, сағындым ғой сені!” – деген сөзі қарындастық жүрегімді тіліп жібергендей жарақаттанып қалушы едім. Жаңағы қуанышқа толы сезімдерім су сепкендей басылып, бәрі де жиіркенішті болып кететін.

...Бір сұмдығы, ол келмей қалса, сағынамын, іздеймін. Бұның себебін мен кеш түсіндім. Оның бойынша бірнеше өнері басым болды: актерлік, асабалық, аздап әншілік те қасиеті бар, онымен қоса өлең жазатын, маған жиі-жиі өлеңдер оқып беретін, концерт те қойып беретін “қазір сахнада,..” деп өзі хабарлап, біресе, Ескендір Хасанғалиев болып “Ескірмеген махаббат” өлеңін, біресе орыстың ұлттық әндерін, одан қалса, түрік биін билеп, қазіргі рэп әуендеріне салып өзі ойдан шығарып сахнада тұрғандай әдемі орындап беретін. Мен мәз-мәйрам болып, оның әрбір қылығына, келістіріп ойнағанына риза болып, көрермен ретінде қошемет білдіріп, қол соғатын едім. Езуімді жинай алмай күле беремін, ал, ол болса, сол күлмеген бейнеде қабағын түйіп әнін келістіріп тұрып салатын еді. Бейне бір сарайдың сахнасында тұрғандай!

Оның бойында адамның жан дүниесін оқи білетін де қабілеті болып шықты. Менің жан дүнием құлазып, жалғызсырап жапа шегіп жүреді, үнемі солай. Ағай келсе болғаны ішкі дүниемде тіршілік пайда болып, әдемі әсерге ие болады да қалады.

Не махабат емес, не басқа емес, түсініксіз сезімге шырматылып, басым айнала бастағанын түсінген мен есімді тез жинап, өз қалауыма ерік бермей, қаншалықты жаныма медеу болып, жарама ем болса да, мен оның қадамына еркіндік бермеуге тырыстым. Бұл түсініксіз сезімнің шырматылған шимамайына ағайды да, өзімді де шырмағым келмеді. Амалсыз күй кештім. Ағайды да, өзімді де аядым. Өзімді: енді ғана жанымды түсінетін, жан дүниеме үңіліп, жалғызсыратпайтын жанашыр адам жолықтырдым ба деп “ағалап” жақсы көріп, адал қарындас болып жүргендігім үшін.

Оны осынша ғашықтық күй кешкенде алдынан құшақ жайып қарсы аларлықтай жауап күтпегендігі үшін. Мен шын қиналып, жыладым да.

– Ағатай, өтінемін келмеңізші! Енді мен сізді тек аға ретінде ғана жақсы көремін, сіз менің ағайым сияқтысыз, тіпті, әкемдей жақсы көремін. Сізбен танысқалы менің өмірге деген көзқарасым өзгеріп, өнерге басымды иіп, өзімді-өзім сезіне бастадым., тіршіліксіз ішкі сезімдеріме қуат бердіңіз, мен сізді өзімнен де артық жақсы көремін, тек басқаша жақсы көремін, бірақ... жігіт ретінде емес, – дедім жалынып. Бірақ ағайым менің бұл сөздерімді елеместен бұрынғысынан да жиі келіп, бойындағы барлық жақсы қасиетін маған мойындата бастағандай еді.

Уақыт кідіріп тұрсын ба? Уақыт ағымы жүректің сайсаласымен жол сала берді...

Мен ағайыма бауыр баса бастадым, мен оны сағынып, іздейтінді шығардым. Көрмесем мазам кетіп, көңілсіз күй кешетін болдым. Жандүниемде ол өзі қолымен құйып кеткен бір сезім мен бір күш бардай үздіксіз мазасыз күй кештім. Әншейінде телефонға хабарласып жатса да сөйлеспейтін мен, енді сол телефоннан оның нөмірін қалай теріп, хабарласқанымды өзім де аңғармай қалатын күй кештім.

Кездесуге шақырса, одан бұрын барып күтіп тұратын халге жеттім.

Менің де қарындастық сезімдерімнің барлығы енді-енді махаббатқа ұласып, сезім гүлдерім басын көтеріп, қауыз жара бастағандығын мен аңғара алмай қалыппын да!

Үнемі есіміне ағайды қосып айтатын мен ендігі күндері есімін ағайсыз айтып дағдыланып, оны қуантайын деген шешімге келдім. Ұялы телефонымды қолыма алып жаңадан пайда болған сезімімді жасырмай айтқым келіп, сабыр сақтаймын. Осы қуанышыммен бөлісейінші деп оқталамын да, тынымсыз сезіммен күресемін. Осылайша күндер өтіп жатты. Жиі хабарласатын ол сирек хабарласатын болды. Ұялы телефоны жауап бермейді... Әрбір телефон қоңырауына елеңдеп, күтумен мен жүрдім. Осылайша қанша уақыт өткенін кім білсін, күткен адамға уақыттың өтіп жатқаны да, өтпей жатқаны да, түсініксіз сияқты. Ұзақ күттіріп хабарласты-ау, әйтеуір! Айдар деген көзіме ыстық, жаныма жайлы нөмірі менің ұялы телефонымның бетінде ән салып тұрды. Жүрегім асаудай

тулап, өз арнасынан төгіліп кететіндей кеудеме сыймастан тағатсызданып кетті...

– Назым, Ұлттық кітапхана алдына келші, күтемін, – деген сөзін ғана ұқтым. Басқа ештемені де естіген жоқпын. Іле-шала асығыс киімдерімді ақтардым. Үстіме не киерімді білмедім. Біресе ананы, біресе мынаны киемін де лақтырамын. Бөлме ортасы киімге толды. Әрқайсысы әр жерде шашылып жатыр. Жанталасып мен асығыс бірін киемін, бірін шешемін, айна алдына барамын да қайта киімдерімді асығыс қопара бастаймын. Әдемі болып барғым келді. Айдардың ұзын киім жақсы көретінін бір сөзінен аңғарып қалған едім. Көп ойланып тұрып ұзын көйлек киетін болдым. Мен шашымды үнемі жинап, ұзындығын жасырып жүретінмін.

– Сенің шашың қай жерден келеді, ылғи жинап аласың, бір уақыт жіберіп жүрмейсің бе? – деген бір сөзінде.

Менің бар ойым Айдарға әдемі болып бару еді. Ұзын көйлегімді киіп, шашымды жайып өзімді ыңғайсыз сезінсем де үйден көтеріңкі көңіл күймен шықтым.

Масайраған сезіммен Ұлттық кітапхана алдына қалай жылдам келіп қалғанымды өзім де түсінбей қалдым. “Күтіп қалған шығар” деп ұшып келгенімді қайтейін, ол әлі келмеген екен. “Жұмысынан шыға алмай жатқан шығар, алдынан шығайын, қуанып қалсын”, – деген оймен кідірместен алаңға қарай бет алдым.

Айнала жап-жасыл, ауа райы да жанға жайлы жаздың әдемі кеші. Менің бақытты сезімдерім жүзімде ойнап тұрды ма, өткен адамдар өңіме үніле қарап, сүйсіне көз тастап, жымыып өтіп жатты. Әлде Айдар үшін сәнделемін деп, ерекше әдемі болып кеттім бе екен?

Мен болсам өз сезіміме өзім алаулап жанып, сырыммен бөлісе алмай бір бақыт кернеп, біресе ысып, біресе суып, өзіме өзім сыймай қуаныштан жарылардай шаттанып бақытты күй кештім. Кездесуімізді елестетіп қоямын. Осы кезге дейін “Ағай” деп жақындатпай жүрдім. Алыс, алшак жүрдім. Өзімді еркін сезіне алмай қысылып, қымтырылып: “Ағай, олай деменіңші, ағай, олай айтпаңызшы”, – деп кеудесінен итере бердім. Қазір кездесуде Ағай деместен, “Айдар, мен сізді жақсы көремін, сағындым, сіз маған

ұнайсыз” десем ше? Ол не дер екен? Қуаныштан жүрегі жарылып: “Назым, мен де сені жақсы көремін”, – деп, мені айқара құшақтап бақыттан басы айналып, бір-бірімізді аймалай сүйіп, бар сырымызды ортаға салып, шаттанып, бақыт сезімін бірге бөлісетін шығармыз деп, күлімсіреп қоямын көзіме елестетіп...

Алаң да ерекше әдемі. Кең. Өне фонтандар діріл қағып бұл өмірдің бақытын сезінетіндей. Менің ендігі ойым – сол фонтан сағымына шомылып, ішімдегі аяулы сезіммен бөлісу. Бір-ақ қадам қалған кезде ұялы телефоным шыр ете қалды. Айдар екен.

– Сен қайдасың, мен сені күтіп тұрмын, – деді.

Артыма күлімдеп, фонтанға сүйсіне қарадым, бірер секөнт қасына барып со фонтан бойындағы шаттық бақытты өз бойымдағы бақытпен бөліскім келді де, бейне бір адамға сөйлегендей күлімсіреген бейнемен жазбай:

– Сен ренжіме, мен қазір келемін. Айдар екеуміз келеміз, – деп серт бердім де, төмен қарай асығыс адымдай түстім.

Кітапхана алдында мені күтіп тұр. Мен бағанадан бері “қалай бастасам екен” деген қуанышты, бақытты сөздерімнің барлығы да мені тастап жан-жаққа қашып кеткендей антарылып тұрып қалдым. Мен білетін Айдар емес, өңі салқын, өзгеше, түсі суық, мүлдем басқа адам. Амандығы да, амандасқаны да сол:

– Шашыңды неге жайып жібергенсің? – деді. Не дерімді білмей қалдым. Сасқалақтап өзімді кінәлі сезінгендей көзім бакырайып үнсіз қалдым.

– Күн ыстықта қалың көйлек киіп алғаның не? – деді жақтыртпай бастан-аяқ шолып өтіп. Ашуға булығып:

– Тоңып жүрмін, – дедім қатқыл дауыс қатып. Енді-енді өз-өзіме келе бастағандай едім. Есінен танған адам сияқты біресе есеңгіреп, біресе есімді жинап тұрғанымда, ол әмірмен үн қатып қалды:

– Жүр, отырайық, – деді кітапхана алдындағы орындықты нұсқап. Қарасам, жалғыз бір қыз отыр екен, қолында қағазы бар, бірдене оқып отыр ма, реттеп отыр ма, білмеймін, маған бәрі де түсініксіз болып кетті.

– Кеше неге іздедің? – деді. Мен не дерімді білмей қалдым. Кешеден бергі айтайын деген сөзімді айтып қоя